

Ауқатты ауылдық округінің Ауқатты ауылындағы көше атауларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Ауқатты ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 12 қаңтардағы № 1 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 ақпанда № 3305 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауқатты ауылдық округінің Ауқатты ауылы көшелерінің атаулары өзгертілсін:

Комсомольская көшесі – Жасқанат;

Пионерская көшесі – Астана;

Гаражный қалтарысы – Жансай бұрылысы;

Дружба қалтарысы – Ақжазықбұрылысы;

Школьный қалтарысы – Наурыз бұрылысы;

Павлов қалтарысы – Қалқағар бұрылысы;

Спортивный қалтарысы – Тереңсай бұрылысы;

Весенний қалтарысы – Қызылқия бұрылысы;

Больничный қалтарысы – Көккөзек бұрылысы;

Мир қалтарысы – Арасан бұрылысы;

Садовый қалтарысы – Саялы бұрылысы.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ауқатты ауылдық округі әкімінің орынбасары А. Искалиеваға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелгеннен күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Д. Қарымсақов